



Ырғыз ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен Тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 33 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 4301 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 13.01.2016 № 12 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі " Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Ырғыз ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


1. Ырғыз ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен Тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Шахинге жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. ДУАНБЕКОВ

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 33 қаулысына 1 қосымша

Қаракөл елді мекенінде тұратын балаларды Құйлыс орта мектебіне тасымалдау схемасы



Маршрут атапу	Ара қашықтығы	Жол жұру уақыты
Каракөл ауылсы - Күйліс ауылсы	7 км	20 минут

Келісілді:
Тәуіп ауылдық округінің
әкімі
К. Тілеужанов

Келісілді: Күйліс орта мектебі
директорының міндетін уақытша
атқарушы M. Сатаева

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 2
наурыздагы №33 қаулысына 2 қосымша

Ырғыз ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың Тәртібі 1. Жалпы ережелер

1. Ырғыз ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртібі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабына сәйкес әзірленген.

2. Тасымалдаушыға және автокөлік құралдарына тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау арнайы автобустармен жүргізіледі.
3. Балаларды тасымалдау мынадай жағдайда үйымдастырылады, егер:
автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;
автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі

қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болған жағдайда.

4. Балаларды тасымалдауға мынадай тасымалдаушылар жіберіледі:

1) автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілігі және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаты болғанда;

2) тасымал қауіпсіздігін қамтамасыз етуге құқықтық нормативтік актілер талаптарына сай келетін және тиісті тасымалдау түріне жарамды көлік құралдары бар.

5. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши қуәлігі және жүргізушиңің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушиі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген жол қозғалысының ережесін өрескел бұзбаған.

6. Автобустарда жүк бөлімінен тыс жерлерде жүк тасымалдауға жол берілмейді.

7. Автокөлік құралдарын пайдалану тасымалдаушының міндетті азаматтық-құқықтық сақтандыру шарттарындағы жауапкершілікті орындаған жағдайда жүргізіледі. Сондай-ақ міндетті сақтандыруға тасымалдаушының жолаушылар алдында жол жүру және жүк тасуға арналған автокөлікті пайдалану барысында, олардың өміріне, денсаулығына, мүліктеріне залал келтірмеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.

8. Балаларды тасымалдау осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

9. Балалардың ұйымдастырылған топтарын жаппай тасымалдауды және алыс қашықтықтарға тасымалдауды балаларға оқытушылардың немесе арнайы тағайындалған ересек адамдардың (бір ересек адам 15-тен артық емес балаға) еріп барған жағдайда ғана тасымалдаушымен орындалады.

10. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдауши жүргізушилердің еңбек және демалысын ұйымдастыру тәртібінің талаптарына сәйкес, сондай-ақ тахографтарды және мынадай жағдайларды ескере отырып:

ұзақтығы 12 сағатқа дейін маршруттар бойынша бір жүргізушимен, 12 сағаттан астам екі жүргізушимен;

ұзақтығы 16 сағаттан артық маршруттар бойынша жүргізуілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде, кемпингілерде) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып ұйымдастырады.

11. Балаларды автомобиль көлігімен тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және балаларды жеткізуіді басқа көліктермен ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша қала маңындағы аймақта немесе қалааралық қатынаста балалардың бір жолғы тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушы техникалық жай-күйін кезектен тыс тексеру үшін жол полициясы бөлімшелеріне автобусты жол жүру қарсаңында көрсетеді.

3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

13. Балаларды тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық байқаудан өткен көлік құралдары жіберіледі. Бұл ретте автобустардың конструкциясы мен техникалық жағдайы тиісті стандарттардың талаптарына сай болуы қажет.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен жабдықталуы тиіс:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;
- 3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізуінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);
- 4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);
- 5) екі жылжуға қарсы тіректермен;
- 6) авариялық тоқтау белгісімен;
- 7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық тақтайшамен;
- 8) санитариялық паспортымен.

14. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы қажет:

ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс түрған шығынқы жерлер болмауы тиіс;

жабық жай-күйде жүргізуінің кабинасы мен жолаушы салонына

атмосфералық жауын-шашынның тұсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

тегіс, шығынқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

салон еденінің жамылғысы жыртықсыз бүтін материалдан жасалуы тиіс;

шаннан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойығы ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 %-дан артық жабуға жол берілмейді;

жылдың сүйк мезгілінде жылдызылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер үйіліп тасталмаған жолаушылар салоны.

15. Автобустар мен шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланызылатын ауысымда кемінде бір рет және ластану шамасы бойынша жүргізіледі.

16. Кузовты сыртқы жуу ауысым аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

17. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың алдында және артында "Балаларды тасымалдау" деген айырым белгілері мен сары түсті жарқылдауық шамдар орнатылады.

Жазу шрифті биіктігі кемінде 120 миллиметр қара түспен ресімделеді және тік төртбұрышты қоршамаға салынады.

4. Балаларды тасымалдау тәртібі

18. Балаларды тасымалдау техникалық жағдайы автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібінің талаптарына жауап беретін, кемінде екі есігі бар автобустармен жүзеге асырылады.

19. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

20. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс. Аландарда жайластырылған өту жолдарының болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

21. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды

отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

22. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

23. Күзгі-қысқы кезенде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

24. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар, жаңбыр жауғанда) жол берілмейді. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонақтың жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дерек хабарлайды.

25. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалыска шек қою, уақытша кедергілердің пайда болуы, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Тасымалдаушы кестенің өзгеруі туралы ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайтын тапсырыс берушіні хабарландырады.

26. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

27. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызыметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жас және одан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

28. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізуісіне мыналарға жол берілмейді:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;

- 2) жұру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жұру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жок болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК